

**Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 27 қаңтардағы "2009 жылы аудан азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік төлем ақы туралы" нұсқаулықты бекіту туралы" N 38/1 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 22 қыркүйектегі N 271/9 қаулысы. Павлодар облысы Успен ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 30 қазанда N 12-12-78 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі N 1-19/296 хатымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2010.04.15 N 1-19/296 хатымен.**

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 28 бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 27 қаңтардағы "2009 жылы аудан азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік төлем ақы туралы" нұсқаулықты бекіту туралы" N 38/1 қаулысымен бекітілген "2009 жылы аудан азаматтарының жекелеген санаттағы азаматтарына әлеуметтік төлем ақы туралы" нұсқаулығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 12-12-63 тіркелген, 2009 жылы 27 ақпанда "Сельские будни" газетінде N 8 жарияланған), аудан әкімдігінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 73/3, "Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 27 қаңтардағы "2009 жылы аудан азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік төлем ақы туралы" нұсқаулықты бекіту туралы" N 38/1 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 12-12-66 тіркелген, 2009 жылы 28 наурыздағы "Сельские будни" газетінде N 12 жарияланған) (бұдан әрі - Нұсқаулық) келесі өзгерістер енгізілсін:

нұсқаулықтың 2 тармағы 27) тармақшасының "2 АЕК мөлшерінде" деген сөздер алып тасталсын;

нұсқаулықтың 2 тармағы 28) тармақшасында "табыстары ең аз күнкөрістік шамадан аспайтын" деген сөздері алып тасталсын.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Н. Әутәліпов*

